



**"Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 қазан N 1339

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылға арналған Заң жобалау жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 140

P010140_

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

**"Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

Осы Заң кешенді кәсіпкерлік лицензияны жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді, және франчайзинг қызметін қолдау мен дамытуға бағытталған. Заң кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының мазмұнын, франчайзингтік қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы кешенді кәсіпкерлік лицензияны қолдау мен дамытудағы мемлекеттік органдардың ролін анықтайды.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) - кәсіпкерлік қызметтің айрықша құқық кешенінің құқық иеленушісі оны басқа адамға тегін пайдалануға беретін кездегі н ы с а н ы ;

2) Франчайзингтік қызмет - кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жүзеге асыруға байланысты кәсіпкерлік қызмет;

3) Кешенді лицензиар - кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша болатын тарап, өзінің айрықша құқық кешенін басқа адамға өтемдік негізде пайдалануға беретін айрықша құқық кешенінің құқықты иеленушісі.

4) Кешенді лицензиат - кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының тарабы, сол кешенді өзінің кәсіпкерлік қызметі үшін пайдаланатын лицензиардың айрықша құқық кешенінің құқықты пайдаланушысы;

5) Айрықша құқық кешені - өзіне бірқатар интеллектуалдық меншік объектілері (тауар белгісі, фирмалық атақ, қызмет көрсету белгісі, патент, лицензия, коммерциялық ақпарат, өндіріс, технология, ноу-хау және құпиялар және т.б.) кіретін пайдалану құқығы, онымен құқықты иеленуші (лицензиар) құқықты пайдаланушыға (лицензиатқа) кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша өтемдік негізде беретін Қазақстан Республикасы заңдарымен қорғалатын айрықша құқық кешені.

2 - б а п . Қ о л д а н у с а л а с ы

1. Осы Заң кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының қорытындысына, орындалуына байланысты, сондай-ақ франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдау шараларды қолдану кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Инвестициялармен байланысты бөлігіндегі франчайзингтік қатынастар субъектілеріне инвестицияларды мемлекеттік қолдау және қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

Франчайзингтік қатынастар субъектілері - осы Заңмен реттелмеген бөлігіндегі шағын кәсіпкерлік өкілдіктеріне шағын кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының Заңдары қолданылады.

3-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы Заңдар

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы Заңдар Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық К990409_

кодексіне негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда

Қазақстан Республикасының франчайзинг туралы Заңдарында көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Франчайзингтік қатынастардың субъектілері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары сияқты кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен азаматтар да франчайзингтік қатынастардың субъектілері болып табылады.

2 тарау. Франчайзингтік қатынастардың дамуын
мемлекеттік қолдау және ынталандыру

5-бап. Франчайзинг қатынастардың дамуын мемлекеттік қолдау
және ынталандыру принциптері

Қазақстан Республикасындағы франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдау мынадай принциптерде жүзеге асырылады:

- 1) азаматтар және Заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіне мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың заңсыз араласуына жол бермеу;
- 2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу;
- 3) шағын кәсіпкерлікті, инвестицияларды және франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдау принциптері мен нысанының бірлігі;
- 4) франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдау және дамыту бойынша қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеті мен үйлестіруі;
- 5) мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара әрекеті;
- 6) франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу және қолдану кезіндегі жариялылық;
- 7) кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша берілетін кешенді лицензиардың айрықша құқықтарын сақтау мен қорғау.

6-бап. Франчайзингтік қатынастардың дамуын мемлекеттік қолдау және ынталандыру шаралары

Қазақстан Республикасындағы франчайзингтік қатынастардың дамуын мемлекеттік қолдау және ынталандыру мынадай шараларды жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады:

1) франчайзингтік қатынастарды дамыту және оған жәрдемдесу жөніндегі заңдық базасын әзірлеу және жетілдіру;

2) франчайзингтік қатынастарға жәрдемдесу және оны дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу, қабылдау және іске асыру;

3) франчайзингтік қатынастар субъектілеріне Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктер беру;

4) франчайзингтік қатынастарды дамытуға және қолдауға бағытталған Заңдарды насихаттауды жүзеге асыру, кешенді кәсіпкерлік лицензияны жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;

5) интеллектуалдық меншік объектілерін тіркеу және тіркелгендерді айрықша құқық заңдарына сәйкес қорғау;

6) франчайзингтік қызмет субъектілері - қауымдастықтар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұйымдастырылуына және жұмыс істеуіне ықпал ететін жағдайлар жасау;

7) кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы заңның сақталуын бақылау;

8) заңдарға қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасындағы кешенді кәсіпкерлік лицензияның дамуына және таралуына жәрдемдесетін өзге де шаралар.

7-бап. Лицензиялаудың жеңілдетілген тәртібі

Кешенді кәсіпкерлік лицензияны іске асыру кезіндегі франчайзингтік қатынастар субъектілерінің қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерліктің өкілдері үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-бап. Кірісті пайдалану кепілдіктері

Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін франчайзингтік қатынастардың субъектілері кешенді кәсіпкерлік лицензияны жүзеге асырудан алынған кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

9-бап. Мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен актілері кезіндегі зиянды өтеу кепілдіктері

1. Мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып қабылданған және жүзеге асырылған актілері мен іс-әрекеттері олар қабылданған сәтінен бастап жарамсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген тәртіппен күшін жоюға жатады.

2. Мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қабылданған заңсыз актілерінен және заңсыз іс-әрекеттерінен туындайтын франчайзингтік қатынастар субъектілеріне келтірілген зиян Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген т ә р т і п п е н ө т е л е д і .

10-бап. Мемлекеттік тексеру кезіндегі кепілдіктер

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензияны жүзеге асыруға байланысты франчайзингтік қатынастар субъектілерінің кәсіпкерлік қызметін тексеру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген тәртіппен ғана жүргізіледі.

2. Франчайзингтік қатынастар субъектілерінің қызметін тексеруді Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес осы қызметті жүзеге асыруға құқылы мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана жүзеге асырады.

11-бап. Франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік реттеу кезіндегі жариялылық

1. Франчайзингтік қатынастардың субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кешенді кәсіпкерлік лицензияны жүзеге асыруға қатысты нормативтік құқықтық актілермен, сот шешімдерімен және өзге де актілермен танысуға қ ұ қ ы л ы .

2. Франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік реттеуге қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдайтын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

12-бап. Санаткерлік меншік объектілерін тіркеу және қорғау

1. Санаткерлік меншік объектілерін тіркеу Қазақстан Республикасының Заңдарымен көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Егер шет мемлекеттің тіркеуін тану Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген болса, мемлекет Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген сияқты басқа мемлекеттердің аумағындағы да кешенді лицензиардың айрықша құқықтарын қорғайды.

3. Санаткерлік меншік құқықтарын қорғауды және тіркеуді қамтамасыз ететін мемлекеттік орган лицензиар кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша беретін айрықша құқықтардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

3-тарау. Кешенді кәсіпкерлік лицензияның (франчайзингтің) шарты
м е н т ү р л е р і

13-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензияның (франчайзингтің) шарты

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиат) сыйақыға айрықша құқықтар кешенін лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде қолдану үшін, соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын, қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану үшін, айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісі, қызмет ету белгісі, патент және т.б.) б е р у г е м і н д е т т е н е д і .

2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында қызметтің белгілі бір саласына қатысты қолданылу аумағын көрсетіп немесе көрсетпей, лицензиардың іскерлік беделі мен коммерциялық тәжірибесін белгілі бір көлемде (атап айтқанда, пайдаланудың ең төменгі және/немесе ең жоғарғы көлемін белгілей отырып) пайдалану көзделеді.

3. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты өзіне айрықша құқықтарды пайдалануға, үй-жайды және/немесе көлік құралдарын ресімдеуге немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға; коммерциялық құпияны және басқа да қызметтік және/немесе коммерциялық ақпаратты беруге, лицензиардың лицензиатқа шарттың барлық мерзім бойына басқарушылық, техникалық және

ақпараттық тұрақты көмек көрсетуге қатысты міндеттемелерді қоса алады. Шартқа лицензиар тарапынан лицензиаттың пайдалануға берілген кешенді айрықша құқықтарды пайдалануға қатысты талаптарды орындауын бақылау шаралары кіреді.

4. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын кәсіпкерлік қызметтің жекелеген салаларында қолдану жөніндегі шектеулер заң актілерімен белгіленеді.

14-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының мерзімі мен
нысаны

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты белгілі мерзімге де, мерзімсіз де жасалына алады.

2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

15-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының қатысушылары мен тараптары

1. Кешенді лицензиар мен кешенді лицензиат кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының тараптары болып табылады.

2. Шарттың тараптары мен үшінші тұлғалар кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының қатысушылары болып табылады. Тараптардың келісімі бойынша лицензиялық брокер, кәсіпкерлер ретінде тіркелген өзге де азаматтар, банктік, сақтандыру және өзге де ұйымдар үшінші тұлғалар бола алады.

16-бап. Лицензиялық брокер

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жасаған және орындаған кездегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға немесе кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлға лицензиялық брокер болып табылады. Лицензиялық брокер өз аты мен тәуекелдігі бойынша да, лицензия берушінің, лицензия алушының немесе франчайзингтік қатынастардың өзге де субъектілерінің аты мен тәуекелдігі бойынша да ә р е к е т ж а с а й а л а д ы .

2. Лицензиялық брокерге берілетін сыйақы белгі етілген кезеңдік төлемдердің белгі етілген бір реттік төлемі түрінде, не өзге де, шартта көрсетілген түрде төленеді.

3. Осы Заңмен реттелмеген бөлігінде лицензиялық брокерге (жеке немесе заңды тұлғаға) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің К990409_ 41 бөлімінің е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

17-бап. Кешенді лицензиардың міндеттері

К е ш е н д і л и ц е н з и а р :

1) кешенді лицензиатқа техникалық және коммерциялық құжаттамаларды беруге және оған кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша берілген құқықтарды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпараттарды ұсынуға;

2) лицензиатқа лицензия шартында көзделген кешенді кәсіпкерлік

лицензия шартын орындауға байланысты жүзеге асырылатын қызметтерге өзге де рұқсаттар беруге;

3) лицензиатқа кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша берілген құқықтарды жүзеге асыру мәселелері бойынша оқыту мен консультациялар

өткізуге;

4) кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының шарттарын сақтауға;

5) кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де талаптарын сақтауға міндетті.

18-бап. Кешенді лицензия алушының міндеттері

Кешенді лицензиат:

1) лицензиардың кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша шартта аталған тәсілмен берілген лицензиялық кешенін пайдалануға;

2) лицензиарды өзінің өндірістік аумағына кіргізуге, оған қажетті құжаттарды беруге және оған кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша берілген айрықша құқықтар кешеннің пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттар алуына жәрдемдесуге;

3) шарт бойынша берілген айрықша құқықтар кешенінің пайдаланылуы жөніндегі лицензиардың нұсқаулықтары мен нұсқауларын сақтауға;

4) кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жүзеге асыруға байланысты оған лицензиардың беретін өндіріс құпияларын, коммерциялық және өзге де ақпараттарды жария етпеуге;

5) өзі лицензия берушінің фирмалық атауын, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және өзге де жекелік құралдарын кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының негізінде пайдаланатынын тұтынушыларға олар үшін ең нанымды болатын тәсілмен хабарлауға;

6) лицензиар бәсекелестерінің қызметіне қатыспауға, егер өзгесі кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында көзделмесе;

7) кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін лицензия берушінің жазбаша рұқсатынсыз кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жүзеге асыруға байланысты оған лицензиардың беретін коммерциялық құпияларын, өндіріс құпияларын және өзге де жасырын ақпараттарды жария етпеуге, егер шартта өзгесі көзделмесе;

8) өзіне берілген айрықша құқықтар кешенін пайдаланғаны үшін төленетін төлемдерді дер уақытында жүзеге асыруға;

9) франчайзингтік қызметтің дамуына өз қаражаттарын салуға;

19-бап. Кешенді лицензиардың құқықтары

Кешенді лицензиардың мынадай:

- 1) кешенді лицензиаттың кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша өндіретін тауарларының, оның көрсететін қызметтерінің сапасын бақылауға;
- 2) лицензиаттың өз кәсіпорнын (кәсіпорындағы өз үлесін) иеліктен айырған кездегі сатып алу басымдылығына;
- 3) лицензиатқа қатысты үшінші тұлғаның алдында кепіл болуға немесе кепілге алушы болуға;
- 4) лицензиатпен өзге де шарттар жасасуға, атап айтқанда, оған қатысты лизинг беруші болуға;
- 5) Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес өзге де құқықтарға құқы бар.

20-бап. Кешенді лицензиаттың құқықтары

Кешенді лицензиаттың мынадай:

- 1) бұл оның бұрынғы жасалған шарттары бойынша лицензиардың құқықтарын бұзбаған жағдайында өзге де тұлғалармен кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттарын жасауға;
- 2) лицензия алушымен өзге де, атап айтқанда, лизинг, жалға беру, алу-сату, кепіл болу және кепілге алу шарттарын жасасуға;
- 3) Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес өзге де құқықтарға құқы бар.

21-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жасалғанға дейін берілген ақпараттарды қорғау

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жасалғанға дейін лицензиар ықтимал лицензиатқа шарт жасалған жағдайда берілетін айрықша құқықтар кешені туралы ақпарат береді. Мұндайда, лицензиар ықтимал лицензиатты беріліп отырған мәліметтердің жасырын сипаты мен оның сақталу қажеттігі туралы ескертуге міндетті.

2. Ықтимал лицензиат оған осы баптың 1-бабына сәйкес берілген жасырын сипаттағы лицензиардың жазбаша рұқсатынсыз мәліметтерді жария етуге құқылы емес. Аталған ақпараттар ашылған жағдайда, ықтимал лицензиат лицензиарға тартқызған шығындардың орнын толтыруға міндетті.

22-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша берілген ақпараттарды қорғау

1. Кешенді кәсіпкерлік-лицензия шарты бойынша берілетін жасырын сипаттағы ақпарат Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 126-бабының 1-тармағында көзделген шарттар сақталған кезде Қазақстан Республикасының Заңдарымен қорғалады.

2. Кешенді лицензиат пен кешенді лицензиар осы баптың 1-бабында аталған ақпараттың жасырындылығының сақталуына шаралар қолдануға міндетті.

3. Кешенді лицензиат оған кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша берілетін жасырын мәліметтерді лицензия берушінің соған жазбаша рұқсатынсыз жариялауға құқылы емес. Тараптардың келісімімен лицензиаттың міндеті және кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін белгіленген мерзім ішінде көрсетілген мәліметтерді жарияламауы көзделуі мүмкін.

4. Осы бапта көрсетілген мәліметтерді заңсыз жариялаған жағдайда кешенді лицензиат лицензиарға құпия мәліметтерді заңсыз жариялаудан келген шығынды өтейді.

5. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз қызметтерін жүзеге асыруда тіркеу, тексеру, бақылау, қадағалау және басқа да Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндеттерді орындау үшін тиісті мәліметтерден өзге, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жөнінде құпия мәліметтерге қол жеткізуді талап етуге құқылы емес.

23-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия-жұмыс орны

Кешенді кәсіпкерлік лицензиямен жұмыс орны - кешенді кәсіпкерлік лицензия болып табылады, соған сәйкес лицензиар әзірленген жұмыс орнын құрады және оны лицензия кешенімен лицензиатқа - жеке кәсіпкерге береді.

24-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия-кәсіпорын

Кешенді кәсіпкерлік лицензиямен кәсіпорын - кешенді кәсіпкерлік лицензия болып табылады, бұл ретте лицензиар кәсіпорын құрады және оны лицензия кешенімен лицензиатқа береді.

25-бап. Конверсиялық кешенді кәсіпкерлік лицензия

Кешенді кәсіпкерлік лицензия - конверсиялық болып табылады, бұл ретте

тараптар дербес кәсіпорында құрылымдық бөлімшелерді қайта өзгерту негізінде шарт жасасады.

26-бап. Көп түрдегі кешенді кәсіпкерлік лицензия

Кешенді кәсіпкерлік лицензия - көп түрдегі болып табылады, оның негізінде лицензиат бірнеше кәсіпорындар құрайды.

27-бап. Өндірістік кешенді кәсіпкерлік лицензия

Кешенді кәсіпкерлік лицензия - өндірістік болып табылады, оның мәні кешенді лицензиардың жеке өзге де лицензиарды дербестендіру құралымен (оның тауарлары, жұмысы, қызмет көрсетуі) лицензиар жеткізетін не оның келісімі бойынша шикізаттарды, материалдарды, технологиялары мен құрал-жабдықтарды пайдаланып, өндіріске немесе тауар белгісімен өндіріске және тауар сатуға тауар өндіруге лицензиардың құқығы болып табылады.

28-бап. Тауарлы кешенді кәсіпкерлік лицензия

Кешенді кәсіпкерлік лицензия - тауарлы болып табылады, оның мәні лицензиардың тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді тауар белгісімен немесе өзге де лицензиарды дербестендіру құралымен (оның тауарларын, жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) кешенді лицензиар беретін не оның

келісімі бойынша белгіленетін маркетинг технологиясын пайдаланып сатуының құқығы болып табылады.

29-бап. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік

Қызметі кешенді кәсіпкерлік лицензия қызметіне байланысты ұйымдардың бухгалтерлік есебін жүргізуі мен қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

4 тарау. Қоғамдық бірлестіктер мен өзге де коммерциялық емес ұйымдар

30-бап. Қоғамдық ұйымдарды құру

Франчайзингтік қатынас субъектілері Қазақстан Республикасындағы франчайзингтік қатынасты дамыту мен қолдауға, өз мүдделері мен құқықтарын қорғауға бағытталған қауымдастықтар, одақтар, қоғамдық бірлестіктер, қорлар мен басқа да коммерциялық емес ұйымдар құруға құқылы.

31-бап. Ұйымдарды тіркеу

Осы тарауда көрсетілген ұйымдарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

32-бап. Ұйымдардың қызметі

Осы тарауға сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жасауға немесе орындауға байланысты мәселелерді шешу үшін аралық соттар құруға құқылы; семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға, насихаттауды, оқытуларды ұйымдастыруға, газеттер, журналдар және басқа да баспа басылымдарын шығаруға, кеңес беру қызметтерін көрсетуді жүзеге асыруға, көрмелер ұйымдастыруға және өзге де Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтерді жүзеге асыруға құқылы.

33-бап. Қоғамдық және өзге де мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдардың мемлекеттік органдармен және лауазымды тұлғалармен өзара іс-әрекеті

Франчайзингтік қатынастарды қолдау мен дамыту бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдар, лауазымды тұлғалар өз қызметтерін жүзеге асыру кезінде осы тарауда көрсетілген қоғамдық ұйымдармен және бірлестіктермен өзара іс-әрекет жасайды.

5 тарау. Қорытынды ережелер

34-бап. Кешенді кәсіпкерлік-лицензия туралы Заңдарды сақтауды бақылау

1. Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті мен өкілеттігі шеңберінде кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы заңдарды сақтауды бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі франчайзингтік қатынасты қолдау мен дамыту жөніндегі бағдарламаны қабылдау мен іске асыруға бақылауды жүзеге асырады

35 - б а п . Ж а у а п к е р ш і л і к

1. Франчайзингтік қызметке заңсыз араласқан, франчайзингтік қатынас субъектілерінің бостандығы мен құқығын бұзған, франчайзингтік қатынасты қолдау мен дамытуға көзделген қаражаттарды мақсатсыз шығындаған немесе өзге де түрде кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы Заңдарды бұзған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңымен көрсетілген әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер көтереді.

2. Франчайзингтік қатынас субъектілері кәсіпкерлікті жүзеге асыру талаптарын және өзге де Қазақстан Республикасының Заңдарының ережелерін бұзған кезде заңмен көзделген жауапкершілік көтереді.

36-бап. Франчайзингтік қатынас субъектілері арасындағы дауларды шешу

Франчайзингтік қатынас субъектілері арасындағы даулар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес сот тәртібімен және/немесе тараптардың келісімі бойынша аралық сотта шешіледі.

37-бап. Осы Заңның күшіне енуі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ